



Бекітемін К.Ш. Тулебаев К.Ш
мектеп директоры

Ата-аналар жиналысының өтілу жоспары
2023-2024 оқу жылы

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Баяндама «Жанұядағы тәрбиенің ерекшеліктері» Ата -аналар комитетін сайлау	Қыркүйек	ДТІЖО
2	«Мектеп , ата-ана, оқушы арасындағы байланыс» Психологиялық тренинг I тоқсан қорытындысы Әр түрлі мәселелер	Қазан	ДТІЖО психолог
3	Баяндама «Кітап -ұстаз ,ақылшы дос» II тоқсан қорытындысы Әр түрлі мәселелер	Желтоқсан	ДТІЖО
4	«Отбасындағы тәрбиенің ерекшелігі» баяндама III тоқсан қорытындысы Әр түрлі мәселелер	Наурыз	ДТІЖО
5	«Жазғы демалыс кезіндегі еңбек пен демалыс» Ата-аналар комитетінің жылдық есебі IV тоқсан қорытындысы Әр түрлі мәселелер	Мамыр	ДТІЖО

« Бектау ауылының жалпы орта білім беретін мектебі »КММ
Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысының
Хаттамасы № 1

Өткізілген күні: 22.09.2023 ж

Қатысқандар саны: 95 ата-ана, 25 мұғалім

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Баяндама «Отбасы тәрбиесінің ерекшеліктері»
2. Мектептің ата-аналар комитетін сайлау

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мадышева Г.К. «Отбасы тәрбиесінің ерекшеліктері» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама барысында баланың отбасындағы тәрбиесі қандай болса, ол кейін ер жеткенде соны қайталайтыны. Бала өмірінде ата-ананың тәрбиесінің ролі маңызды екені жайлы т.б. ақпараттар айтылды.

Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кап А. биылғы оқу жылы бойынша ата-ана комитетін сайлау керектігін айтты.

Ата-ана комитетінің төрайымы Амиш А. ата-ана комитетінің құрамына әр деңгейден бір ата-ана болу керек деген ұсыныс білдірді. Қатысқан ата-аналар бұл ұсынысты қолдады.

Шешімі: 1. Ата-ана өз баласын тәрбиелеуге көп көңіл бөлу керек.

2. Әр буыннан бір ата-ананы ата-ана комитеті құрамына сайлады.
(тізім қоса берілген)

3. Ата-ана мен мектеп тығыз байланыста жұмыс жасау.

Төрайымы



Амиш А.

Хатшы



Урсұляк Л.В.

« Бектау ауылының жалпы орта білім беретін мектебі »КММ
Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысының
Хаттамасы № 2

Өткізілген күні: 20.10.2023 ж

Қатысқандар саны: 92 ата-ана, 25 мұғалім

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. «Мектеп, ата-ана, оқушы арасындағы байланыс» психологиялық тренинг
2. 1-тоқсанның қорытындысы
3. Әртүрлі

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша «Мектеп, ата-ана, оқушы арасындағы байланыс» тақырыбында тренинг жүргізген мектеп психологтары Төлебаева А.Т., Мұтан Б. Отбасындағы тәрбие мәселесіне байланысты өмірден көріністер қойылды. Одан кейін ата-аналармен бірге осы жағдайлардың оң және теріс жақтарын талқылады. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас бойынша психологиялық ұсыныстар берілді

2. Екінші сұрақ бойынша 1-тоқсанның қорытындысы бойынша ата-аналарды хабардар еткен оқу ісінің меңгерушілері Г.С.Жәнібекова, З.Көлбайды тыңдадық. Кейбір балалардың сабаққа дайын бола бермейтіні, берілген әдеби шығармаларды оқымайтындығы айтылды. Ата-аналарға оқушылардың үй тапсырмасын дайындауына ерекше көңіл бөлу керектігі ұсынылды.

3. Үшінші сұрақ бойынша мектеп дәрігері Л.В.Урсуляк сөз сөйлеп, ата-аналарға суық тиюдін алдын алу бойынша ұсыныстар берді. Ол сондай-ақ оқушылардың сыртқы келбетін (шаш үлгісі, мектеп формасы, екінші аяқ киім) бақылау қажеттігін еске салды.

Шешімі:

1. Ата-аналар мектепке жиі барып, балаларының мектеп өміріне қызығушылық танытуы керек.
2. Үй тапсырмасының дайындығын қадағалау.
3. Оқушылардың денсаулығы мен сыртқы келбетін бақылау.

Төрайымы



Амиш А.

Хатшы



Урсуляк Л.В.

№3 хаттама
жалпы мектептік ата-аналар жиналысы
"Бектау ауылының жалпы білім беретін мектебі" КММ
25.12.02023 ж.

Қатысты: 85 ата-ана.26 мұғалім

Күн тәртібі: 1. «Кітап – ұстаз, ақылшы дос» баяндама

2.Екіші тоқсан қорытындысы

3.Әр түрлі

1.Бірінші мәселе бойынша ДТЖ меңгерушілері Г. К. Мадышева мен Кап А. сөз сөйледі, «Кітап – ұстаз, ақылшы дос» баяндама оқыды. Олар ата-аналарға 2020 жылдан бері Қазақстанда « Оқуға құштар мектеп » жобасы жұмыс жүзеге аса бастады.

Мақсаты: Оқушылардың оқуға құштарлығын ояту .

Тыңдалды. Мектеп кітапханашысы Василяки Л.И. оқушылардың кітапханаға келуі мен оқуға қызығушылығы төмен екені туралы ақпарат берді.

2. екінші мәселе бойынша диретордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Көлбай З. Екінші тоқсанның қорытындысымен таныстырды. Көлбай З. Ата-аналарға оқушылардың сабақ оқуы мен қатар үй тапсырмасын орындауын қадағалау туралы ұсыныс айтты.

3. Үшінші мәселе бойынша мектеп медбикесі Урсуляк Л.В. қазіргі таңда қызылша ауыруды үдеп турғаны жөнінде және оның белгілерін атап айтып ескертті.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кап А. оқушылардың өмір қауіпсіздігі жөнінде ақпарат беріп, демалыс уақытында балалардың өмір қауіпсіздігіне жауапты екендерін ескертті.

Шешім:

1.Кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру

2. Оқушылардың сабақ оқуы мен қатар үй тапсырмасын орындауын қадағалау

3. Оқушылармен қауіпсіздік шаралары туралы әңгіме өткізу.

Төрайым:  Амиш А.

Хатшы :  Рымбай А.

№4 хаттама
жалпы мектептік ата-аналар жиналысы
"Бектау ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" КММ
26.03.02024 ж

Қатысты: 95 ата-ана.20 мұғалім
Күн тәртібі: 1.3 тоқсанның қорытындысы
2."Отбасындағы тәрбиенің ерекшелігі" баяндама
3.Әр түрлі

Бірінші мәселе бойынша Көлбай З. тыңдады.Ол ата-аналарды 3 тоқсанның қорытындысымен таныстырды.Бұл тоқсанда қашықтықтан оқыту форматында көптеген сабақтар болды,бұл білім сапасына әсер етті деп айтылды.оқу ісінің меңгерушісі тарапынан төмендегі ұсыныстар айтылды: үй тапсырмасының орындалуын бақылау, себепсіз сабақты жіберіп алмау, көркем әдебиетті көбірек оқу.

Екінші мәселе бойынша "Отбасындағы тәрбиенің ерекшелігі" тақырыбында ө психолог Мұтан Б.баяндама оқыды.Аталған баяндаманың мақсаты: ата-аналардың тәрбие мәселелеріндегі құзыреттілігін арттыру; ата-аналардың балалармен қарым-қатынасының тиімді стилін дамыту; ата-аналар мен балалардың өзара қарым-қатынасындағы бірлік сезімін өзектендіру,өзара сенім мен түсіністікті арттыру, "Алақан", "Тәрбие үлгілері", "Менің және менің баламның қасиеттері"жаттығулары өткізілді. Қорытынды:ата-ана-бұл үйренуге және үйретуге, үнемі өзін-өзі жетілдіруге қажет мамандық.Сондай-ақ төмендегі ұсыныстар берілді:ең алдымен,балаға ата-анасының оны шарттарсыз және талаптарсыз қабылдайтынын көрсету керек.Бала кез-келген жағдайда сүйікті,қалаулы деген сезіммен өмір сүруі керек.қате әрекет жасада да,құнды және қымбат екенін ұғындыру.

Үшінші мәселе бойынша мектеп медбикесі Л. В. Урсуляк сөз сөйледі.Оқушылардың сыртқы келбеті бойынша ескертулер жасады (шаш үлгісі,киім формасы)

Төрайым:  Амиш А.
Хатшы :  Рымбай А.

№5 хаттама
жалпы мектептік кезектен тыс ата-аналар жиналысы
"Бектау ауылының жалпы білім беретін мектебі" КММ
16.05.02024 ж.

Қатысты: 90 ата-ана.18 мұғалім

Күн тәртібі: 1.2023-2024 оқу жылында атқарылған тәрбие жұмысы туралы есеп

2.Көктемгі су тасқыны кезіндегі қауіпсіздік техникасы

3.Мектеп формасы

4. "Кене энцефалитінің алдын алу.Иммунопрофилактиканың маңыздылығы "(медицина дәрісі)

5.Аутизм туралы қысқаша ақпарат (психолог)

1.Бірінші мәселе бойынша ДТІЖ меңгерушілері Г. К. Мадышева мен Кап А. сөз сөйледі, олар ата-аналарды 2023-2024 жылдары атқарылып жатқан тәрбие жұмысымен таныстырды.Оқушылар аудандадық ,облыстық және мектептен тыс іс-шараларға, спорттық жарыстарға қатысатыны жайлы айтып, жетістіктерімен бөлісті.Мектепте мектептің өзін-өзі басқаруы жұмыс істейді, ол тәлімгермен бірге өз жұмысын жоспарға сәйкес жүргізілетіні туралы айтып таныстырды

2.Екінші мәселе бойынша ДТІЖО Кап А. сөз сөйледі, ол ата-аналардың назарын көктемгі су тасқыны кезінде қауіпсіздік шараларының сақталуына назар аударуды , сонымен қатар балалардың көшеде уақыт өткізуін бақылауды күшейту, еріген қардың көп жиналатын жерінен аулақ болу ұсынды.

3.Үшінші мәселе бойынша ДТІЖО Кап А. сөз сөйледі,ол мектеп формасының үлгілерін ұсынды, ата-аналарды талқылауға шығарды.Ата-аналар тарапынан әр сыныпта осы тақырыпты талқылап, содан кейін жалпы шешім қабылдау ұсынылды

4.Төртінші мәселе бойынша мектеп дәрігері Л.в. Урсуляк сөз сөйлеп, "Кене энцефалитінің алдын алу.Иммунопрофилактиканың маңыздылығы" жөнінде кеңестер мен ұсыныстар айтып дәріс оқыды.

5.Бесінші мәселе бойынша психологі Мүтан Б. сөз сөйледі., бұл аутизм туралы қысқаша ақпарат берді.Ата-аналар мен мұғалімдерге осы тақырып бойынша буклеттер таратылды.


Шешім:

1.2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

2.Көктемгі су тасқыны кезінде қауіпсіздік ережелері қатаң сақталсын.

3.Сыныптың ата- аналар жиналысында бірыңғай мектеп формасы тақырыбын талқылап шешім қабылдансын

Төрайым:  Амиш А.

Хатшы :  Рымбай А.

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесі
2023 жылғы 15 тамыз
№ 4 хаттамасымен бекітілді

Орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді (бұдан әрі – ата-аналар) педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – әдістемелік ұсынымдар) балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында әзірленді.

2. Ата-аналарды педагогикалық қолдаудың міндеттері:

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;

2) балаларды тәрбиелеу мен дамытуда орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

2-тарау. Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды педагогикалық қолдауды ұйымдастыру тәртібі

3. Орта білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі қызметті ұйымдастыру Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығымен (бұдан әрі – Орталық) келесі тәртіп бойынша жүзеге асырылады:

1) орта білім беру ұйымы басшының балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарға педагогикалық қолдауды ұйымдастыру бұйрығын шығару;

2) Орталық қызметін ұйымдастыруды басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары жүзеге асырады, ол:

- мектеп – ата-ана қарым-қатынастарының жаңа түрлерін, мектеп пен отбасының толықтай өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

- сынып жетекшілерінің, педагог-психологтердің, әлеуметтік педагогтердің және қосымша білім педагогтерінің мектеп – ата-ана қарым-қатынастарының жаңа түрлерін іске асыру және мектеп пен отбасының толықтай өзара іс-қимылын қамтамасыз ету бойынша қызметтерін жоспарлауды және бақылауды жүзеге асырады;

- мектеп – ата-ана қарым-қатынастарының жаңа түрлерін жоспарлау кезінде осы әдістемелік ұсынымдарға 1-қосымшада баяндалған ата-аналарға арналған сабақтардың

ұсынылатын бағдарламасын (бұдан әрі – бағдарлама) басшылыққа алады, мектеп пен отбасының толықтай өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

- ұсынылатын бағдарламаға сәйкес оқу жылына арналған сабақ кестесін құрады.

3) ата-аналарға арналған педагогикалық қолдауды «Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім берудің ғылыми-әдістемелік негіздері» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы бойынша оқудан өткен сынып жетекшілері, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер, қосымша білім педагогтері жүзеге асырады;

4) ата-аналардың сұраныстарын ескере отырып, ұсынылатын бағдарламаның 30 % - на дейінгі көлемде сабақтардың тақырыптарын өз бетінше айқындауға жол беріледі;

5) ата-аналарға арналған сабақтар бағдарламасына зорлық-зомбылықты, жыныстық бұрмалануларды, дәстүрлі отбасылық құндылықтарды бұзатын өзге де құбылыстарды насихаттауға бағытталған Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған тақырыптарды енгізуге жол берілмейді.

4. Орталық қызметін іс жүзінде іске асыру үшін білім беру ұйымдарына мыналар ұсынылады:

1) сауалнама арқылы ата-аналарды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша олардың қажеттіліктерін зерделеу;

2) ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі жұмыс туралы хабардар ету, сабаққа қатысушылардың тізімін жасау;

3) ата-аналарды қолдауды жүзеге асыратын педагогтерді оқытуды ұйымдастыру;

4) ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша жүргізіліп жатқан жұмысқа мониторинг жүргізу;

5) ата-аналардың педагогикалық қолдауға қанағаттану деңгейін анықтау бойынша жылына бір рет сауалнама жүргізу;

6) бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде өткізілетін іс-шараларды жария ету.

6) қорытынды іс-шараларды ұйымдастыру.

5. Интернет-ресурс болған жағдайда орта білім беру ұйымдарына «ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» бөлімін құру ұсынылады, онда:

1) ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі жұмыс туралы ақпарат;

2) сабақ кестесі;

3) ата-аналарға көмектесетін әдістемелік материал;

4) «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» цифрлық платформасына сілтеме орналастырылады.

3-тарау. Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды педагогикалық қолдаудың мазмұны, сабақтардың және әлеуметтік серіктестіктің түрлері

6. Сабақтардың (басқа да іс-шаралардың) мазмұны орта білім ұйымдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың әл-ауқатты контексіндегі ұлттық құндылықтарға негізделеді.

7. Педагогикалық қолдау 1-11 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған бағдарламаларды таңдауына сәйкес жүзеге асыру ұсынылады.

8. Ата-аналарға бағыт беру, кездесулер, сабақтар бағдарламасының мазмұнымен таныстыру 15 қыркүйекке дейін өткізіледі.

9. Педагогикалық қолдау бағдарламасы жылына сегіз сабақты қамтиды.

10. Сабақтар әртүрлі әдіс-тәсілдерді (семинар-практикумдер, тренингтер, іскерлік ойындар, пікірталастар, талқылаулар және т.б.), оның ішінде цифрлық ресурстарды қолдана отырып, онлайн және офлайн режимде өткізілуі мүмкін.

11. Ата-аналарды педагогикалық қолдау үшін қосымша басқа да іс-шаралар ұсынылады: «Даналық мектебі» клубы, ата-аналар оқулары, конференциялар, ашық есік күндері, ата-аналар апталығы, ата-аналар мен балалардың қатысуымен мәдени іс-шаралар, мысалы, концерттер, театр қойылымдары, марафондар, жәрмеңкелер, көрмелер, жорықтар, экскурсиялар және басқа да іс-шаралар мен акциялар.

12. Ата-аналарды қолдау және өзара іс-қимыл жасау үшін Орталық цифрлық платформасы пайдалану ұсынылады, онда бөлімдер бойынша тақырыптық ақпарат: курс бағдарламалары, бейне дәрістер, бейне ұсынымдар, бейне жағдайлар, сұхбаттар, тақырыптық вебинарлар, ресурстардың электрондық каталогы, психологтың кеңестері, тестілер, сауалнамалар, жадынамалар, нұсқаулықтар, чек-парақтар, постерлер және басқалар қамтылады.

4-тарау. Орталықтың қызметін үйлестіру

13. Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармаларына ұсынылады:

- 1) ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша қызметті үйлестіру;
- 2) орта білім беру ұйымдарында Орталықтың қызметін ұйымдастыруға жауапты маманды тағайындау;
- 3) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім басқармаларының, оқу-әдістемелік орталықтар, орта білім беру ұйымдары арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;
- 4) ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі қызметке мониторинг жүргізу;
- 5) Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат беру;
- 6) бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі қызметті жариялау.

14. Аудандық, қалалық білім бөлімдеріне ұсынылады:

- 1) орта білім беру ұйымдарына Орталықтың қызметін ұйымдастыруға ықпал ету;
- 2) білім беру ұйымдарында Орталықтың қызметін ұйымдастыруға жауапты маманды тағайындау;
- 3) облыстық білім басқармаларына жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпаратты ұсыну;
- 4) бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі қызметті жариялау.



**«Бектау ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылында ата-аналармен
педагогикалық қолдау бағдарламасының
жылдық жұмыс жоспары
план работы
по педагогической поддержке родителей
КГУ «Общеобразовательная школа села Бектау»
2023-2024 учебный год**

**2023-2024 оқу жылында 1-4 сынып оқушыларының
ата-аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасының
жылдық жұмыс жоспары**

№	Жұмыс мазмұны	Жұмыс түрі	Өткізу мерзімі	Жауаптылар
1	Отбасы - бақыт бесігі Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу	Баяндама Анықтама	Қазан	ДТЖО Психолог
2	Білімдіге дүние жарық. Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?	Семинар Анықтама	Қараша	Психолог Сынып жетекшілер
3	Әрбір бала – жарық жұлдыз Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?	Тренинг	Желтоқсан	Психолог
4	Баланы жастан... Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?	Дөңгелек үстел	Қаңтар	Психолог Сынып жетекшілер
5	Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?	Сауалнама	Ақпан	ДТЖО Психолог Сынып жетекшілер
6	Сенім арту - жетістік кепілі Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек?	Тренинг	Наурыз	Психолог Сынып жетекшілер
7	Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер Балаға үлгі көрсету	Тренинг	Сәуір	Психолог
8	Тәлімменен өрілген біздің дәстүр Дәстүрлер отбасылық әл ауқаттың негізі ретінде	Семинар	Мамыр	Психолог Сынып жетекшілер

**2023-2024 оқу жылында 5-9 сынып оқушыларының
ата-аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасының
жылдық жұмыс жоспары**

№	Жұмыс мазмұны	Жұмыс түрі	Өткізу мерзімі	Жауаптылар
1	Баланың бас ұстазы – ата-ана	Баяндама Анықтама	Қазан	ДТІЖО Психолог
2	Ақыл айтпа, жол көрсет	Семинар Анықтама	Қараша	Психолог Сынып жетекшілер
3	Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер	Тренинг	Желтоқсан	Психолог
4	Баланың шығармашылық қабілетін дамыту	Дөңгелек үстел	Қаңтар	Психолог Сынып жетекшілер
5	Жасөспірімнің желідегі әрекеті	Сауалнама	Ақпан	ДТІЖО Психолог Сынып жетекшілер
6	«Әр нәрсенің өлшемі бар...» «Қажеттілік» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады	Тренинг	Наурыз	Психолог Сынып жетекшілер
7	Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары	Тренинг	Сәуір	Психолог
8	Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына	Семинар	Мамыр	Психолог Сынып жетекшілер

**2023-2024 оқу жылында 10-11 сынып оқушыларының
ата-аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасының
жылдық жұмыс жоспары**

№	Жұмыс мазмұны	Жұмыс түрі	Өткізу мерзімі	Жауаптылар
1	Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...	Анықтама	Қазан	Психолог Сынып жетекшілер
2	Көркем мінез – баға жетпес байлық	Тренинг	Қараша	Психолог Сынып жетекшілер
3	Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады?	Тренинг Кеңес	Желтоқсан	Психолог
4	Жоғары сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел аймақтары.	Дөңгелек үстел	Қаңтар	ДТЖО Психолог Сынып жетекшілер
5	Әлеуметтік желілер және ғаламтор кеңістігі: жоғары сынып оқушыларының қауіпсіздігі	Сауалнама	Ақпан	ДТЖО Психолог Сынып жетекшілер
6	Күйзелістен шығар жол Күйзелісті жеңуге көмектесеміз	Тренинг	Наурыз	Психолог Сынып жетекшілер
7	Сүйіспеншілік – сыйластық кілті	Тренинг	Сәуір	Психолог
8	Атадан өсиет, анадан қасиет Ұрпақтан ұрпаққа берілетін отбасылық дәстүрлер мен құндылықтары	Семинар	Мамыр	Психолог Сынып жетекшілер